

eigen


Пайдалану бойынша нұсқаулық

Тоңазытқыш
Eigen
Stark-RF04


МАЗМҰНЫ

| | |
|---|-----------|
| ҚҰРЫЛҒЫ МАҚСАТЫ | 7 |
| ҚАУІПСІЗДІК ТАЛАПТАРЫ | 7 |
| САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ | 7 |
| ЭЛЕКТР ҚАУІПСІЗДІГІ | 8 |
| ОСЫ ӨНІМДІ ҚОЛДАНАР АЛДЫНДА | 9 |
| ОРНАТУ | 10 |
| ҚҰРЫЛҒЫ СХЕМАСЫ | 10 |
| ТОҢАЗЫТҚЫШТЫ ТУРАЛАУ | 11 |
| ОРНАТУ БОЙЫНША ҰСЫНЫСТАР | 11 |
| ПАЙДАЛАНУ | 12 |
| БІРІНШІ ҚОЛДАНАР АЛДЫНДА | 12 |
| БАСҚАРУ ТАҚТАСЫ | 12 |
| ФУНКЦИЯЛАР | 13 |
| ЭНЕРГИЯНЫ ҮНЕМДЕУ | 15 |
| ТОҢАЗЫТҚЫШ КАМЕРА | 15 |
| МҰЗДАТҚЫШ КАМЕРА | 16 |
| ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ЖӘНЕ КҮТІМ | 16 |
| ЕГЕР ҚҰРЫЛҒЫ ҰЗАҚ УАҚЫТ ПАЙДАЛАНЫЛМАСА..... | 17 |
| АҚАУЛЫҚТАРДЫ ТАБУ ЖӘНЕ ЖОЮ | 18 |
| ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ | 21 |
| ЭНЕРГИЯ ТИІМДІЛІГІ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ | 22 |
| МОНТАЖДАУ, САҚТАУ, ТАСЫМАЛДАУ (ТАСУ), ӨТКІЗУ ЖӘНЕ КӘДЕГЕ ЖАРАТУ ЕРЕЖЕЛЕРІ МЕН ШАРТТАРЫ | 23 |
| ЖЫЛЖЫТУ ЖӘНЕ ТАСЫМАЛДАУ | 23 |
| КӘДЕГЕ ЖАРАТУ | 24 |
| ҚОСЫМША АҚПАРАТ | 24 |


ҚЫСҚАША НҰСҚАУЛЫҚ




Тасымалдаудан кейін тоңазытқышты 6 сағат бойы желіге қоспаңыз.




Тоңазытқышты қолданар алдында бүйірлік панельдегі мөлдір пленканы, бүкіл қаптама- ны, пенопластты мен бекітуге арналған жа- бысқақ таспаны алыңыз.



Тоңазытқышты мұқият жуыңыз. Есіктің тығы- здағышына және корпусстың алдыңғы жағы- на есік ілмектері жағынан жағылған силикон майлағышын жууға болмайды.




Тоңазытқышты бөлменің қабырғасына бүй- ірімен орнатқан кезде есіктерді 90°-тан жоға- ры бұрышқа ашу үшін жеткілікті орын болуын қамтамасыз етіңіз. Өнімді орнату кезінде жоға- рыдан кемінде 30 см және жақын қабырғаларға және басқа заттарға дейін 10 см қашықтықты қамтамасыз ету қажет (толығырақ ақпарат алу үшін «Орнату» бөлімін қараңыз).




Тоңазытқышты реттегіш аяғымен тегіс, қат- ты еденге туралау керек (толығырақ ақпарат алу үшін «Тоңазытқышты туралау» бөлімін қа- раңыз).






Тоңазытқышты розеткаға қосыңыз.
Құрылғының штепселді ашасы еркін
қол жетімді екеніне көз жеткізіңіз.




Реттегішінің көмегімен ұсынылған темпера-
тураны реттеңіз (толығырақ ақпарат алу үшін
«Пайдалану» бөлімін қараңыз).

*Температура реттегіштің түрі тоңазытқыштың
үлгісіне байланысты өзгеруі мүмкін.



Температураны орнатқаннан кейін, тоңа-
зытқыштың ішінде жұмыс температурасы бо-
латындай етіп 2–3 сағат жұмыс жасаңыз.



Өнімдерді тоңазытқышқа салыңыз.



Құрметті сатып алушы!

Eigen брендин таңдағаныңыз үшін рахмет.

Біз құрылғының жұмысқа қабілеттілігін мен қауіпсіздігін мұқият тексердік, содан кейін оны жөнелту үшін мықтап орадық.

Құрылғыны желіге бірінші рет қоспас бұрын, осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз. Онда құрылғыны дұрыс орнату және пайдалану туралы маңызды ақпарат, сондай-ақ оған күтім жасау бойынша кеңестер берілген. Ықтимал бұзылуларды немесе жазатайым оқиғаларды болдырмау үшін берілген нұсқауларды орындауды ұсынамыз.

Қажет болса, анықтамалық материал ретінде пайдалану үшін нұсқаулықты қауіпсіз жерде сақтаңыз.

ҚҰРЫЛҒЫ МАҚСАТЫ

Тоңазытқыш — жылу оқшаулағыш камерада төмен температураны сақтайтын құрылғы. Ол әдетте тағамды немесе салқын жерде сақтауды қажет ететін заттарды сақтау үшін қолданылады.

ҚАУІПСІЗДІК ТАЛАПТАРЫ

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- Балаларға құрылғымен ойнауға рұқсат бермеңіз, себебі олар жарақат алуы немесе құрылғыны зақымдауы мүмкін.
- Балаларға құрылғыны өздігінен тазалауға және техникалық қызмет көрсетуге жол бермеңіз.
- Балалардың құрылғының есіктеріне немесе есік сөрелеріне ілінуіне жол бермеңіз.
- Балалардың құрылғының ішіне кіруіне жол бермеңіз. Олар іштен бітеліп қалуы мүмкін, сонымен қатар тұншығу салдарынан жарақат алуға немесе өлімге әкелуі мүмкін.
- Тұншығу қаупін болдырмау үшін орау элементтері мен құрылғы бөлшектерін балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз. Қаптама элементтерін бесіктер, бала кереуеттер, арбалар мен манеждерге жақын қалдырмаңыз.

САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ

- Қауіпсіздік мақсатында құрылғыны орнатуды және пайдалануды бастамас бұрын барлық ескертулер мен ескертпелерді қоса, осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз.
- Осы құрылғыны пайдаланатын барлық адамдар пайдалану нұсқауларымен және сақтық шараларымен танысқанына көз жеткізіңіз.
- Құрылғының қызмет ету мерзімі ішінде пайдалану бойынша нұсқаулықты сақтаңыз.
- Жібітуді тездету үшін механикалық құрылғылар мен басқа құрылғыларды өндіруші ұсынғаннан басқа қолданбаңыз.
- Өндіруші осындай пайдалануды ұсынбаған болса, құрылғы бөліктерінің ішіндегі электр құрылғыларын (мысалы, балмұздақ жасаушы) пайдаланбаңыз.
- Құрылғыда жарылғыш материалдары бар ыдыстарды сақтамаңыз.
- Ұзақ уақыт қосулы болса, құрылғыдағы шамды ұстамаңыз, себебі ол ыстық болуы мүмкін.
- Құрылғының корпусындағы желдеткіш саңылаулар ашық болуы керек. Оларды бұғаттамаңыз.
- Салқындату тізбегіндегі изобутан (R600a) тоңазытқыш агенті экологиялық қауіпсіздігі жоғары табиғи газ болып табылады, сонымен қатар ол тез тұтанғыш. Құрылғыны тасымалдау және орнату кезінде тоңазытқыш агент тізбегінің компоненттері зақымдалмағанына көз жеткізіңіз.
- Құрылғыны бөлшектеуге тырыспаңыз, сонымен қатар оның құрылымына қандай да бір өзгерістер енгізіңіз.

- Бұл жабдық тұрмыстық және басқа ұқсас орталарда пайдалануға арналған, мысалы: дүкендердегі, кеңселердегі және басқа жұмыс аймақтарындағы қызметкерлердің асханаларында; фермаларда, қонақүйлерде, мотельдерде және басқа да тұрғын үй-жайларда; шағын қонақ үйлерде («төсек және таңғы ас» түрі); қоғамдық тамақтандыруда.
- Құрылғыны тасымалдау кезінде сақ болыңыз, себебі оның салмағы айтарлықтай.
- Үзіп қалмас үшін тоңазытқыш немесе мұздатқыш камерадағы тағамды дымқыл қолмен ұстамаңыз.
- Құрылғы балалар мен физикалық, сенсорлық немесе ақыл-ой қабілеті шектеулі адамдар үшін, олардың қауіпсіздігіне жауапты басқа адамдар бақылайтын жағдайларды қоспағанда, пайдалануға арналмаған.

ЭЛЕКТР ҚАУІПСІЗДІГІ

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- Құрылғыны орнату орнындағы токтың түрі, кернеу мен жиілік оның төлқұжаттық тақтайшасында көрсетілген деректерге сәйкес келуі керек.
- Қуат сымдық ұзартқыш сымдарды немесе электр тармақтағыштарын пайдаланбаңыз. Құрылғыны көп құрылғылы розеткаға қоспаңыз, себебі бұл өртке әкелуі мүмкін.
- Автономды түрлендіргіштерді немесе энергияны үнемдейтін қосқыштарды пайдалануға тыйым салынады.
- Құрылғы жерге тұйықталуы керек. Егер электр розеткасы жерге тұйықталмаған болса, білікті электршіге хабарласып, қолданыстағы ережелерге сәйкес тоңазытқышты жерге бөлек қосыңыз. Дұрыс орындалмаған жерге қосу құрылғының істен шығуына немесе электр тогының соғуына әкелуі мүмкін.
- Құрылғыны тек электр сақтандырғышымен жабдықталған розеткаға қосыңыз (сақтандырғыштың іске қосылу тогы 10-нан 16 А-ға дейін).
- Қуат сымы зақымдалмауы керек. Зақымдалған қуат сымы қызып кетуі мүмкін, бұл өртке немесе электр тогының соғуына әкелуі мүмкін.
- Розетка оңай қол жетімді жерде болуы керек, ал құрылғының штепселді ашасы еркін қол жетімді болуы керек. Сол розеткаға басқа электр құрылғыларын қоспаңыз.

ОСЫ ӨНІМДІ ҚОЛДАНАР АЛДЫНДА

- Тасымалдаудан кейін құрылғыны 6 сағат бойы желіге қоспаңыз.
- «Электр қауіпсіздігі» бөліміндегі барлық тармақтардың дұрыстығын тексеріңіз. Егер элементтердің біреуі бұзылған болса, құрылғыны қоспас бұрын бұзушылықты жою қажет.
- Бекіту үшін барлық қаптаманы, пенопласты және жабысқақ таспаны алып тастаңыз. Тоңазытқыштың астына төсеу үшін қаптама пенопластын пайдаланбаңыз.
- Құрылғыны пайдалануды бастамас бұрын, салқындату жүйесінің қалыпты жұмысына кедергі келтірмеу үшін және құрылғының қуат тұтынуын арттырмас үшін бүйірлік тақтадағы мөлдір пленканы алыңыз.
- Өндіруші жоғарыда көрсетілген сақтық шараларын сақтамаған жағдайда жауап бермейді.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Құрылғыны орнату кезінде оның климаттық класын ескеру қажет.

Климаттық класс тоңазытқыштың корпусында орналасқан техникалық сипаттамасы бар тоңазытқыштың заттаңбасында көрсетілген. Тоңазытқышты белгіленген шектен асатын температурада қолданбаңыз. Климаттық класс тоңазытқыштың жұмыс жағдайларын анықтайды.

| Климаттық класс | Белгілеу | Температура |
|----------------------|----------|-----------------|
| Қоңыржай кеңейтілген | SN | +10 °C – +32 °C |
| Қоңыржай | N | +16 °C – +32 °C |
| Субтропикалық | ST | +16 °C – +38 °C |
| Тропикалық | T | +16 °C – +43 °C |

Қоңыржай — бұл дүкендердегі тоңазытқыштардың көпшілігін қамтитын әмбебап климаттық класс. Жазда температура +32 °C-тан асатын оңтүстік аймақтардың тұрғындары үшін бұл жағдайда тоңазытқышты пайдалану тек кондиционерленген бөлмеде мүмкін болады. Қыста бөлме жылытылуы керек.


Отандық өндіріс бірліктеріндегі N және SN «УХЛ» (қоңыржай суық климат үшін класс) деп белгіленуі мүмкін.

Қоңыржай кеңейтілген — тоңазытқыштардың бұл климаттық класы тұрақсыз жылытуы бар бөлмелерге (жертөлелер, қосалқы бөлмелер, суық дәліздер) арналған, онда температура ыңғайлыдан төмен түсуі мүмкін.

Субтропикалық — жазда температура +38 °C-тан жоғары көтерілетін аймақтарға арналған.

Тропикалық — температура +40 °C-тан жоғары көтерілетін оңтүстік аймақтарға немесе ерекше жағдайлары бар бөлмелерге арналған (оңтүстікке қарайтын, кондиционері жоқ, ауданы шағын).

ҚҰРЫЛҒЫ СХЕМАСЫ





1. Мұздатқыш камера.
2. Мұздатқыш камераның есік жәшіктері.
3. Мұздатқыш камера сөрелері.
4. Мұздатқыш камераның жәшіктері.
5. Тоңазытқыш камера.
6. Тоңазытқыш камераның есік жәшіктері.
7. Тоңазытқыш камераның сөрелері.
8. Тоңазытқыш камераның жәшіктері.
9. Балғындық аймағы.

Ескерту: барлық суреттер мен схемалар танысу мақсатында берілген және нақты құрылғыдан өзгеше болуы мүмкін.

ТОҒАЗЫТҚЫШТЫ ТУРАЛАУ

Қолданар алдында тоғазытқышты тегіс және қатты еденге тегістеу керек. Бұл талапты орындамау оның құлауына, зақымдалуына және жарақаттануына әкелуі мүмкін.


Аяқты/аяқтарды реттеу үшін тоғазытқышты сәл еңкейтiңiз. Тоғазытқыштың алдыңғы жағын көтеру үшін аяқты/аяқтарды сағат тіліне қарсы бұраңыз , ал төмендету үшін сағат тілімен бұраңыз .

ЕСКЕРТПЕЛЕР

- Тоғазытқыш бос болған кезде туралау керек. Тоғазытқышта тағамдар жоқ екеніне көз жеткізіңіз.
- Алдыңғы жағын артқы жағынан сәл жоғары етіп жасау керек.

ОРНАТУ БОЙЫНША ҰСЫНЫСТАР

- Тоғазытқыш үнемі жұмыс істейтін құрылғы болып табылады және өзіне тән дыбыстар шығарады, сондықтан оны демалуға және ұйықтауға арналған жерлерде орнату қажет емес.
- Тоғазытқышты жылыту құрылғыларының жанына және тікелей күн сәулесінің астында, сондай-ақ ылғалдылығы жоғары жерлерде орнатпаңыз.
- Тоғазытқышты бөлменің қабырғасына бүйірімен орнатқан кезде сөрелер мен жәшіктерін алу мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін есіктерді 90°-тан асатын бұрышқа ашуға жеткілікті орын қалдырыңыз.
- Нұсқаулықта көрсетілген электр тогының кернеуі сіздің үйіңіздің желілік параметрлеріне сәйкес келетініне көз жеткізіңіз. Қуат көбілін электр розеткасына қосыңыз. Сол розеткаға басқа электр құрылғыларын қоспаңыз.
- Тоғазытқышты бірінші рет орнатқан кезде, оның ішіндегі жұмыс температурасын орнату үшін 2–3 сағат жұмыс жасатыңыз, содан кейін оны балғын немесе мұздатылған тағамдармен толтырыңыз. Тоғазытқышты желіден ажыратқаннан кейін оны кемінде 5 минуттан кейін ғана қайта қосуға болады. Әйтпесе, ол істен шығуы мүмкін.



| | | | |
|----------|----------|----------|----------|
| W | H | D | A |
| 960 | 1912 | 635 | 1586 |
| B | C | E | F |
| 1112 | 135° | 10 | 10 |

Өлшемдері мм-де көрсетілген.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!


Құрылғы мен басқа заттар арасындағы жеткіліксіз қашықтық энергияны тұтынудың артуына және құрылғының мұздату қабілетінің нашарлауына әкелуі мүмкін. Өнімді орнату кезінде жоғарыдан кемінде 30 мм және ең жақын қабырғалар мен басқа заттарға дейін 10 мм қашықтықты қамтамасыз ету қажет.

ПАЙДАЛАНУ

БІРІНШІ ҚОЛДАНАР АЛДЫНДА

- Қолданар алдында тоңазытқышты мұқият жуыңыз. Есіктің тығыздағышына және корпусстың алдыңғы жағына есік ілмектері жағынан жағылған силикон майлағышын жууға болмайды. Майлағыш есіктерді жабу кезінде тығыздағыш сынуын алдын алады.
- Тоңазытқыштың артқы жағындағы дөңгелек жапсырмаларды алып тастамаңыз. Олар технологиялық тесіктерді жабу арқылы сәндік функцияны орындайды.
- Кейбір үлгілерде сөрелердің алдыңғы бөлігінде (металл түсті) мөлдір қорғағыш қабықша жапсырылған, оны қолданудан бұрын алып тастау ұсынылады.

БАСҚАРУ ТАҚТАСЫ



1. Дисплей.
2. Функция индикаторлары.
3. Тоңазытқыш камераның температурасын реттеу батырмасы.
4. Мұздатқыш камераның температурасын реттеу батырмасы.
5. Балғындық аймағын орнату батырмасы.
6. Функцияларды ауыстыру батырмасы.
7. «ОК» батырмасы.

ФУНКЦИЯЛАР

КАМЕРАЛАРДАҒЫ ТЕМПЕРАТУРАНЫ РЕТТЕУ

- Тоңазытқыш камерадағы температураны реттеу үшін «Fridge» батырмасын басыңыз. Температура баптаулары келесі ретпен өзгереді:
 - $5^{\circ}\text{C} > 6^{\circ}\text{C} > 7^{\circ}\text{C} > 8^{\circ}\text{C} > \text{OF} > 2^{\circ}\text{C} > 3^{\circ}\text{C} > 4^{\circ}\text{C} > 5^{\circ}\text{C}$.
 - «OF» өшірулі күйді білдіреді. Тоңазытқыш камераны өшірмес бұрын, одан барлық өнімдерді алыңыз.
- Орнатылған температура дисплейде жыпылықтай бастайды. «OK» батырмасын 5 секунд басыңыз немесе реттеуді растауды күтіңіз.
- Мұздатқыш камерадағы температураны реттеу үшін «Freezer» батырмасын басыңыз. Температура баптаулары келесі ретпен өзгереді:
 - $-18^{\circ}\text{C} > -17^{\circ}\text{C} > -16^{\circ}\text{C} > -24^{\circ}\text{C} > -23^{\circ}\text{C} > -22^{\circ}\text{C} > -21^{\circ}\text{C} > -20^{\circ}\text{C} > -19^{\circ}\text{C} > -18^{\circ}\text{C}$.
- Орнатылған температура дисплейде жыпылықтай бастайды. «OK» батырмасын 5 секунд басыңыз немесе реттеуді растауды күтіңіз.

БАЛАЛАРДАН ҚҰЛЫПТАУ

- Егер 15 секунд ішінде бірде-бір батырма басылмаса, балалар құлпы іске қосылады.
- «OK» батырмасын 3 секунд басып тұру арқылы құлыпты қолмен қосуға/өшіруге болады.

АШЫҚ ЕСІК СИГНАЛЫ

- Егер есік 3 минуттан артық ашық болса, дыбыстық сигнал шығады.
- Сигналды өшіру үшін есікті мықтап жабыңыз немесе басқару тақтасындағы кез келген батырманы басыңыз.
- Егер батырманы басу арқылы сигнал өшірілсе, бірақ есік жабылмаса, 3 минуттан кейін сигнал қайталанады.
- Есік жабылғанша сигнал қайталанады.

ЕСО

ЕСО функциясы электр энергиясын тиімді сақтау мен тұтынуды қамтамасыз етеді. Тоңазытқыш камерадағы температура 5°C , ал мұздатқыш камерада -18°C деңгейінде сақталады. «Fridge» немесе «Freezer» батырмаларын бірінші рет басқан кезде температура өзгермейді.

1. Функцияны қосу үшін «Function» батырмасын «ЕСО» шамы жыпылықтай бастағанша басыңыз, содан кейін «OK» батырмасын басыңыз немесе 5 секунд күтіңіз. Индикатор үздіксіз жанып тұрады.
2. Функцияны өшіру үшін процедураны қайталаңыз немесе «Fridge» немесе «Freezer» батырмасын екі рет басыңыз. Функция индикаторы сөнеді.
3. Жылдам мұздату немесе жылдам салқындату функциясы қосылған кезде, ЕСО функциясы автоматты түрде өшеді.

ЖЫЛДАМ САЛҚЫНДАТУ

Жылдам салқындату функциясы қосылған кезде тоңазытқыш камерасындағы температура 2°C -қа орнатылады.

«Fridge» батырмасын алғаш басқан кезде тоңазытқыш камерадағы температура өзгермейді.

1. Жылдам салқындатуды қосу үшін «Function» батырмасын «Fast Cooling» шамы жыпылықтай бастағанша басыңыз, содан кейін «OK» батырмасын басыңыз немесе 5 секунд күтіңіз. Индикатор үздіксіз жанып тұрады.
2. 8 сағаттан кейін функция автоматты түрде өшеді.
3. Функцияны қолмен өшіру үшін «Function» батырмасын «Fast Cooling» шамы жыпылықтай бастағанша басыңыз, содан кейін «OK» батырмасын басыңыз немесе 5 секунд күтіңіз. Индикатор сөнеді.
4. Сондай-ақ, «Fridge» немесе «Freezer» батырмасын екі рет басу арқылы функцияны өшіруге

болады.

5. ECO функциясы қосылған кезде жылдам салқындату функциясы өшіріледі.

ЖЫЛДАМ МҰЗДАТУ

Жылдам мұздату функциясы қосылған кезде мұздатқыштағы температура -32°C -қа орнатылады. «Freezer» батырмасын алғаш басқан кезде мұздатқыш камерадағы температура өзгермейді.

1. Жылдам мұздатуды қосу үшін «Fast Freezing» шамы жыпылықтай бастағанша «Function» батырмасын басыңыз, содан кейін «OK» батырмасын басыңыз немесе 5 секунд күтіңіз. Индикатор үздіксіз жанып тұрады.
2. 26 сағаттан кейін функция автоматты түрде өшеді.
3. Функцияны қолмен өшіру үшін «Function» батырмасын «Fast Freezing» шамы жыпылықтай бастағанша басыңыз, содан кейін «OK» батырмасын басыңыз немесе 5 секунд күтіңіз. Индикатор сөнеді.
4. Сондай-ақ, «Fridge» немесе «Freezer» батырмасын екі рет басу арқылы функцияны өшіруге болады.
5. Мұздатқыш камерада температура орнатылған кезде немесе ECO функциясы қосылған кезде жылдам салқындату функциясы өшеді.

БАЛҒЫНДЫҚ АЙМАҒЫ

Балғындық аймағында -2°C -тан 8°C -қа дейінгі температура диапазоны сақталады және 3 температура режимі бар:

- «Vegetables» (t° : 8°C -тан 4°C -қа дейін) — шөптер мен көкөністерге жарамды;
- «Fruit» (t° : 4°C -тан 2°C -қа дейін) — жеміс үшін қолайлы;
- «Fresh» (t° : 2°C -тан -2°C дейін) — жаңа ет, балық, теңіз өнімдеріне жарамды.

Балғындық аймағындағы температураны реттеу үшін «Fresh zone» батырмасы қолданылады. Бұл батырманы бір рет басқан кезде режим өзгереді. Қажетті режимді таңдап, «OK» батырмасын басыңыз. Егер сіз 5 секунд ішінде «OK» батырмасын баспасаңыз, тоңазытқыш бұрынғы баптауларға оралады.

Цикл: «Vegetables» > «Fruit» > «Fresh» > «Vegetables».

Сондай-ақ, балғындық аймағында онда сақталған көкөністер мен жемістердің балғындығын сақтауға көмектесетін ылғалдылық деңгейін реттеу қарастырылған. Деңгейі ылғалдылық жәшіктегі жүгірткі арқылы реттеледі.

- Жүгірткіні балғындық аймағында оңға жылжитқанда, бөлімдегі ауа айналымының жоғарылауына байланысты төмен ылғалдылық сақталады.
- Жүгірткіні балғындық аймағында солға жылжитқанда, бөлімдегі ауа айналымының төмендеуіне байланысты жоғары ылғалдылық сақталады.

ЖАДТЫ САҚТАУ ФУНКЦИЯСЫ

Төтенше жағдайда электр қуаты өшкен кезде орнатылған баптаулар қуат қалпына келгенше сақталады.

ҚОСУДЫ КЕЙІНГЕ ҚАЛДЫРУ

Зақым келтірмеу үшін электр қуатын қысқа мерзімде өшіргеннен кейін компрессор кідіріспен қосылады.

ҚЫЗЫП КЕТУ СИГНАЛЫ

Егер тоңазытқыш қосылған кезде жоспардан тыс қуат өшірілгеннен кейін мұздатқыш камераның температурасы -10°C -тан асса, дисплейде мұздатқыш камераның температура мәні жыпылықтай бастайды.

Кез келген батырманы басқан кезде температура көрсетіле береді.

Кез келген батырманы қайта басқан кезде немесе 10 секундтан кейін дисплей қалыпты күйге оралады.

ҚАТЕ КОДТАРЫ

Егер дисплейде E0, E1, E2, EН немесе ЕС көрсетілсе, ақаулық пайда болды. Уәкілетті қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

ЭНЕРГИЯНЫ ҮНЕМДЕУ

- Құрылғының түбінде, бүйірлерінде және артқы жағында жеткілікті желдетуді қамтамасыз етіңіз. Желдеткіш саңылауларды ешқашан жаппаңыз. Құрылғыдан ең жақын заттарға дейінгі ең аз қашықтықты сақтаңыз («Орнату бойынша ұсыныстар» бөлімін қараңыз).
- Құрылғының схемасына сәйкес жәшіктердің, сөрелердің және стеллаждардың орналасуы энергияны тиімді пайдалануды қамтамасыз етеді, сондықтан оны ұстанған жөн.
- Сақтау орнын ұлғайту үшін (мысалы, үлкен көлемдегі салқындатылған және мұздатылған тағамдарды орналастыру кезінде) орташа жәшіктерді/сөрелерді алып тастауға болады. Жоғарғы және төменгі жәшіктер/сөрелер қажет болған жағдайда соңғы рет алынып тасталады.
- Тоңазытқыш пен мұздатқыш камераларды біркелкі толтыру оңтайлы қуат тұтынуға ықпал етеді.
- Тоңазытқыш немесе мұздатқыш камераға салмас бұрын жылы тағамдарды суытыңыз.
- Мұздатылған тағамды тоңазытқыш камерада ерітіңіз. Мұздатылған тағамның салқыны энергияны тұтынуды азайтады.
- Суықтың жоғалуын азайту үшін есікті қысқа уақытқа ғана ашыңыз. Тоңазытқыштың есігін жиі ашпаңыз.
- Құрылғы есіктерінің тығыздағыштары таза және зақымдалмауы керек.

ТОҢАЗЫТҚЫШ КАМЕРА

- Тоңазытқыш қысқа мерзімде тұтынылатын жемістерді, көкөністерді, сусындарды және басқа да тағамдарды сақтауға арналған.
- Өнімдерді орналастырмас бұрын ораңыз.
- Ылғалдың мөлшерін және одан кейінгі мұздың пайда болуын азайту үшін сұйықтықты герметикалық ыдысқа салыңыз.
- Өнімдерді немесе азық-түлік контейнерлерін артқы қабырғаға жақын қоймаңыз, өйткені олар қабырғаға қатып қалуы немесе төмен температураның әсерінен нашарлауы мүмкін.
- Тоңазытқыш бөлімінде жеткілікті ауа айналымын қамтамасыз ету үшін өнімдерді орналастырыңыз.
- Азық-түлікті сақтауға ыңғайлы болу үшін тоңазытқыш сөрелерін биіктігі бойынша реттеуге болады.
- Азық-түлікті сақтаудың оңтайлы температурасы $+4^{\circ}\text{C}$ құрайды.

МҰЗДАТҚЫШ КАМЕРА

- Мұздатқыш камера мұзды дайындауға, тағамдарды төмен температурада мұздатуға және жақын арада жеуге болмайтын мұздатылған тағамдарды сақтауға арналған. Мұздатқыш камераның төмен температурасы тағамды ұзақ уақыт сақтауға мүмкіндік береді.
- Мұздатқыш камераның жіктелуіне (4 жұлдыз, 2 жұлдыз, 1 жұлдыз) және мұздатылған тағамның сақтау мерзіміне назар аударыңыз.
- Жаңа піскен және мұздатылған тағамдарды бір-бірінің жанына қоймаңыз, себебі мұздатылған тағамдар еруі мүмкін.
- Мұздатылған тағамдарды өндірушінің ұсыныстарына сәйкес сақтау керек. Егер қаптамада ақпарат болмаса, өнімдерді сатып алғаннан кейін үш айдан артық мұздатылған күйде сақтауға болмайды.
- Ет оңай сақтау үшін кесектерге кесілуі керек.
- Мұздатылған тағамдарды герметикалық, жеке қаптамада сақтау керек. Қаптаманың зақымдалмағанына көз жеткізіңіз.
- Еріген тағамдарды дереу тұтыну керек, оларды қайтадан мұздатпаңыз.
- Егер электр қуаты ұзақ уақыт өшіп қалса, сондай-ақ құрылғы ақаулы болса, мұздатылған тағамдарды алып тастап, олардың күйін тексеріңіз. Бүлінген тағамдарды кәдеге жаратыңыз, қалған өнімдерді салқын жерге қойыңыз.
- Өнімдерді еріту үшін оларды мұздатқыш камерадан шығарып, тоңазытқыш камераға немесе бөлме температурасында үй ішінде орналастырыңыз. Өнімдерді тез еріту үшін, мысалы, микротолқынды пешті қолдануға болады.
- Егер сіз қаптамадағы өнімдердің бір бөлігін ғана жібіткіңіз келсе, оларды алып тастаңыз және «мұздатқыш камераның күйігін» болдырмау және қалған өнімдерде мұздың пайда болуын азайту үшін қаптаманы дереу жабыңыз.
- Азық-түлікті сақтаудың оңтайлы температурасы -18°C .

ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ЖӘНЕ КҮТІМ

- Тоңазытқышты тазаламас бұрын немесе оған қызмет көрсетпес бұрын, барлық тағамдарды алып тастаңыз және оны қуат көзінен ажыратыңыз.
- Тазалау үшін сүмен және агрессивті емес жуғыш заттармен суланған жұмсақ сүлгілерді немесе губкаларды қолданған жөн.
- Тазалау үшін қатты немесе металл щеткаларды және басқа абразивті материалдарды, сондай-ақ тіс пастасын, органикалық еріткіштерді (мысалы, спирт, ацетон және т.б.), қайнаған суды, қышқылдар мен сілтілерді пайдаланбаңыз, себебі олар құрылғының жабынын зақымдауы мүмкін.
- Тазалау аяқталғаннан кейін қалған ылғалды мұқият сүртіңіз. Тоңазытқышты оның барлық бөліктері толығымен құрғағанына көз жеткізгеннен кейін ғана қосыңыз.

КҮТІМ БОЙЫНША ҰСЫНЫСТАР:

- Сөрелер мен жәшіктерді қайтадан тоңазытқышқа салмас бұрын жақсылап жуыңыз және құрғатыңыз.
- Есіктің тығыздағышын дымқыл, жұмсақ шүберекпен силикон майлағышын жуусыз үнемі абайлап сүртіңіз.
- Сөрелерді немесе жәшіктерді ыдыс жуғыш машинада жууға болмайды. Бұл бөліктер жоғары температураның әсерінен деформациялануы мүмкін.
- Өрт қаупін, сондай-ақ энергияны тұтынуды болдырмау үшін құрылғының артқы және бүйірлік панельдеріндегі шаңды жылына кемінде бір рет тазалаңыз.
- Тазалап болғаннан кейін, есікті ашып, қуатты қоспас бұрын тоңазытқышты табиғи түрде құрғатыңыз.

ЕСІК СӨРЕЛЕРІНЕ КҮТІМ ЖАСАУ

Есік сөресін алу үшін оны екі қолыңызбен аздап қысып, жоғары итеріп, өзіңізге қарай тартыңыз. Сөрені тазалағаннан кейін оны орнына қойыңыз.

ТОҢАЗЫТҚЫШ СӨРЕЛЕРІНЕ КҮТІМ ЖАСАУ

Тоңазытқыш сөресін алу үшін сөренің алдыңғы жағындағы тіректерді ортасына қарай жылжытыңыз, сөренің алыс жиегін көтеріп, өзіңізге қарай тартыңыз. Сөрені тазалағаннан кейін оны орнына қойып, тіректерді бастапқы орнына жылжытыңыз.

ШАМДЫ АУЫСТЫРУ

Тоңазытқышты жарықтандыру үшін төмен қуат тұтынумен және ұзақ қызмет ету мерзімімен сипатталатын жарықдиодты шам қолданылады. Егер қандай да бір ақаулар туындаса, қызмет көрсету үшін уәкілетті қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз. Шамды өзіңіз ауыстырмаңыз.

ЖІБІТУ

Тоңазытқышта автоматты жібіту функциясы бар. Температура айырмашылығынан пайда болған мұзды қолмен алып тастауға болады. Құрылғыны электр желіден ажыратып, камераларды құрғақ сүлгімен сүртіңіз.

ЕГЕР ҚҰРЫЛҒЫ ҰЗАҚ УАҚЫТ ПАЙДАЛАНЫЛМАСА

1. Құрылғыны өшіріп, оны ажыратыңыз.
2. Барлық тағамдарды тоңазытқыштан алыңыз.
3. Камераларды ішінен мұқият жуыңыз. Көгеру мен жағымсыз иісті болдырмау үшін есіктерді ашық қалдырыңыз.
4. Құрылғыны құрғақ, жақсы желдетілетін жерде, жылу көздерінен алыс жерде сақтаңыз.

АҚАУЛЫҚТАРДЫ ТАБУ ЖӘНЕ ЖОЮ

Құрылғы ақаусыз ұзақ қызмет ету үшін құрастырылған және өндірілген. Егер жұмыс кезінде мәселе туындаса, оның ықтимал пайдалану қатесіне қатысы бар-жоғын тексеріңіз. Егер шешім құрылғының дұрыс жұмыс істеуіне әкелмесе және сіз ақаулықты өзіңіз шеше алмасаңыз, уәкілетті қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

| Мәселелер | Ықтимал себептері | Шешім |
|--|--|---|
| Құрылғы шулы және оғаш дыбыстар шығарады | Құрылғы тегіс емес бетке орнатылған/дұрыс тураланбаған | Құрылғыны қатты және тегіс жерге қойыңыз |
| | Құрылғының артқы қабырғасы қабырғаға тиеді | Құрылғының айналасында жеткілікті бос орын беру үшін орнату орнын таңдаңыз |
| | Құрылғының артында қандай да бір заттар бар | Құрылғының артындағы заттарды алып тастаңыз |
| | Тоңазытқышта бөгде заттар сақталады | Құрылғыда орналасқан барлық заттарды алып тастаңыз |
| Шертетін дыбыстар | Ерітуді басқару үдерісі еріту үдерісін автоматты түрде бастағанда және аяқтағанда шертүлермен бірге жүруі мүмкін; термостаттың жұмысы қосу және өшіру кезінде шертүлермен бірге жүреді | Құрылғы дұрыс жұмыс істеп тұр |
| Дырылдау | Дірілдеген дыбыстардың көзі тоңазытқыш агент ағыны болуы мүмкін | Құрылғы дұрыс жұмыс істеп тұр |
| | Құрылғыда немесе оның жанында сақталған заттар | Құрылғы дұрыс жұмыс істеп тұр |
| | Құрылғы еденге біркелкі орнатылмаған | Құрылғының аяғын/аяқтарын реттеңіз. «Орнату» бөлімін қараңыз |
| | Жұмыс кезінде компрессоры бар құрылғы жылжытылды | Құрылғы дұрыс жұмыс істеп тұр. Егер компрессор 3 минуттан кейін дірілген шу шығаруды тоқтатпаса, құрылғының қуатын өшіріп, қайта қосыңыз |
| Сылдырама дыбыстар | Салқындату жүйесі арқылы тоңазытқыш агент ағыны | Құрылғы дұрыс жұмыс істеп тұр |
| Шапалақты дыбыстары | Температураның өзгеруіне байланысты ішкі қабырғаларды қысу және кеңейту | Құрылғы дұрыс жұмыс істеп тұр |
| Дыбыстар мен діріл | Егер құрылғының бүйір немесе артқы қабырғасы бөлменің қабырғасына немесе шафтың қабырғаларына тиіп кетсе, бұл қалыпты діріл деңгейінде де шу шығаруы мүмкін | Шудың алдын алу үшін құрылғының бүйірлері мен артқы қабырғасы бөлменің қабырғасына немесе шафтың қабырғаларына тиіп кетпейтініне көз жеткізіңіз |
| Ысқырықты дыбыстар | Буландырғыш желдеткіштің электр қозғалтқышы тоңазытқыш пен мұздатқыш камерасында ауа айналымын қамтамасыз етеді | Құрылғы дұрыс жұмыс істеп тұр |
| | Ауа желдеткіштің көмегімен конденсатордан шығарылады | Құрылғы дұрыс жұмыс істеп тұр |
| Тоңазытқыш электр желісіне қосылған, бірақ жұмыс істемейді | Қуат алудың үзілуі | Кернеуді тексеріңіз |

| Мәселелер | Ықтимал себептері | Шешім |
|---|---|---|
| Тоңазытқыш нашар салқындатады/ мұздатады | Тоңазытқыш немесе мұздатқыш бөлімінде тым жоғары температура орнатылған | Тоңазытқыш пен мұздатқыш бөліміндегі температураны орташа деңгейге қойыңыз |
| | Тоңазытқыш тікелей күн сәулесінің астында орнатылған немесе жылу көздеріне тым жақын орналасқан | Орнату аймағын тексеріңіз. Тоңазытқышты жылу көздерінен мүмкіндігінше алыс орнатыңыз |
| | Ыстық тағамдарды сақтау | Ыстық тағамдарды тоңазытқышқа салмас бұрын, оларды бөлме температурасына дейін салқындатыңыз |
| | Тоңазытқыш өнімдерге толы | Сақталған тағамдар арасында жеткілікті орын қалдырыңыз |
| | Тоңазытқыштың есіктері мықтап жабылмаған | Есіктерді мықтап жабыңыз және өнімдер олардың жабылуына кедергі келтірмейтініне көз жеткізіңіз |
| | Тоңазытқыштың айналасында бос орын аз | Тоңазытқышты айналасында жеткілікті бос орын болатындай етіп орнатыңыз «Орнату» бөлімін қараңыз |
| Құрылғының бүйір немесе алдыңғы қабырғалары жылы | Құрылғының бұл бөліктері есіктің айналасындағы конденсатқа азайту үшін конденсатқа қарсы түтіктермен жабдықталған | Конденсаттың пайда болуын болдырмау үшін жылу тарататын түтік құрылғының алдыңғы және бүйір бөліктеріне орнатылған. Орнатқаннан кейін немесе жаз айларында ол қатты қызып кетуі мүмкін. Бұл ақаулықтың белгісі емес екеніне сенімді бола аласыз |
| Тоңазытқыштың қабырғалары қызаяды | Сатып алғаннан кейін тоңазытқышты қосу, жібіткеннен кейін тоңазытқышты қосу | Құрылғы дұрыс жұмыс істеп тұр. Мұндай жағдайларда тоңазытқыш камералардағы температураны мүмкіндігінше тез төмендету үшін толық қуатта жұмыс істейді |
| Ішкі жарықтандыру жоқ | Жарықдиодты шамның дұрыс жұмыс істемеуі | Егер жарықдиодты шам жанбаса, сатушыға немесе уәкілетті қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз |
| Тоңазытқыштағы жағымсыз иіс | Тоңазытқыш немесе мұздатқыш бөлімінде температура дұрыс орнатылмаған | Тоңазытқыш пен мұздатқыш бөліміндегі температураны орташа деңгейге қойыңыз |
| | Иісі бар өнімдерді ашық түрде сақтау | Күшті иісі бар тағамдарды арнайы контейнерлерде сақтаңыз |
| | Ішінде бүлінген өнімдер бар-жоғын тексеріңіз | Бұзылған тағамдарды тастаңыз және көкөністер мен жемістерді сақтауға арналған жәшікті тазалаңыз. «Күтім және қызмет көрсету» бөлімін қараңыз. Азық-түлікті тым ұзақ сақтамаңыз |
| Құрылғының ішіндегі немесе көкөніс жәшігінің қақпағының түбіндегі конденсат | Ыстық тағамдарды сақтау | Тағамды тоңазытқыш немесе мұздатқыш камераға салмас бұрын тоңазытқышқа салыңыз |
| | Құрылғының есігі ашық қалды | Конденсат құрылғының есігін жапқаннан кейін көп ұзамай буланып кетсе де, оны құрғақ шүберекпен алып тастауға болады |
| | Тоңазытқыштың есіктері жиі ашылады | Конденсат құрылғының ішіндегі және сыртындағы температура айырмашылығына байланысты пайда болуы мүмкін Құрғақ шүберекпен ылғалды кетіріңіз |
| | Тоңазытқышта жылы немесе дымқыл тағамдар ауа өткізбейтін контейнерлерде сақталады | Азық-түлікті жабық немесе ауа өткізбейтін контейнерлерде сақтаңыз |

| Мәселелер | Ықтимал себептері | Шешім |
|--|--|---|
| Мұздатқышта қызылсу мұз пайда болды | Есік мықтап жабылмаған | Тоңазытқыштың ішіндегі тағам есіктің жабылуына кедергі келтірмейтініне көз жеткізіңіз, есіктің тығыз жабылғанын тексеріңіз |
| | Ыстық тағамдарды сақтау | Тағамды тоңазытқыш немесе мұздатқыш камераға салмас бұрын тоңазытқышқа салыңыз |
| | Мұздатқыш камераның ауаны беру және шығару арнасы бітелген | Құрылғының ішіндегі ауа айналымын қамтамасыз ету үшін ауа алу және шығару тесіктері бітелмегеніне көз жеткізіңіз |
| | Мұздатқыш камера толып жатыр | Өнімдер арасында жеткілікті орын беріңіз |
| Құрылғының ішіндегі немесе сыртындағы су | Құрылғыға жақын судың ағуы | Шұңғылшадан немесе басқа жерлерден судың ағып жатқанын тексеріңіз |
| | Құрылғының түбіндегі су | Тағамдардың еруі немесе зақымдануы салдарынан ыдыстың сынуы салдарынан судың пайда болуын тексеріңіз |
| Тоңазытқыштың есігі тығыз жабылмайды | Тоңазытқыш алға қарай қисайған | Құрылғының алдыңғы жағын көтеру үшін алдыңғы аяқтарды реттеңіз |
| | Сөрелер дұрыс салынбаған | Сөрелердің тоңазытқышқа соңына дейін салынғанын тексеріңіз |
| | Есік шамадан тыс күшпен жабылды | Есікті жабу кезінде тым көп күш жұмсалса, ол инерция арқылы қайта ашылуы мүмкін. Есікті тарсылдатпаңыз |
| Есік қиын ашылады | Есік жабылғаннан кейін бірден ашылды | Жабылғаннан кейін 1 минут ішінде құрылғының есігін ашу құрылғының ішіндегі және сыртындағы қысым айырмашылығына байланысты қиын болуы мүмкін. Құрылғының ішіндегі қысым деңгейін тұрақтандырғаннан кейін құрылғының есігін сәл кейінірек ашып көріңіз |
| | Құрылғының есігінде тым көп өнім сақталады | Тоңазытқыштың есігіндегі азық-түлік мөлшерін азайтыңыз |
| Құрылғының ішінде немесе сыртында қыраудың немесе конденсаттың пайда болуы | Тоңазытқыштың есіктері жиі ашылады және жабылады | Тоңазытқыштың ішіне ауа кірсе, қырау мен ылғал пайда болуы мүмкін. Есіктерді мықтап жабыңыз және өнімдер олардың жабылуына кедергі келтірмейтініне көз жеткізіңіз |
| | Тоңазытқыш ылғалдылығы жоғары бөлмеде орнатылған | Егер тоңазытқыш ылғалдылығы жоғары бөлмеде орнатылса, конденсат пайда болуы мүмкін. Ылғалды таза шүберекпен сүртіңіз |

ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ

| | |
|---|--|
| Үлгісі | Stark-RF04 |
| Сауда белгісі | Eigen |
| Климаттық класс | SN/N/ST |
| Ток соғудан қорғау класы | I |
| Энергетикалық тиімділік класы | A+ |
| Компрессор түрі | Инверторлы |
| Желі кернеуі (В) | 220–240 |
| Жиілік (Гц) | 50 |
| Қуат тұтыну (Вт) | 140 |
| Номиналды ток күші (А) | 1,45 |
| Электр энергиясының шығыны (кВт·сағ/24 сағ) | 1,26 |
| Электр энергиясының шығыны (кВт·сағ/жыл) | 460 |
| Жалпы көлемі (л) | 647 |
| Жалпы пайдалы көлем (л) | 606 |
| Мүздатқыш камераның пайдалы көлемі (л) | 241 |
| Тоңазытқыш камераның пайдалы көлемі (л) | 365 |
| Тоңазытқыш агент және оның массасы (г) | R600a/70 |
| Мүздату қабілеті (кг/24 сағ) | 11 |
| Таза салмағы | 96 |
| Шу деңгейі (дБ) | 37 |
| Көбіктендіргіш | Циклопентан |
| Өлшемдері (Е×Т×Б) (см) | 96 × 63,5 × 191,2 |
| Қуат сымын бекіту түрі | Ү |
| Ылғалдан қорғау дәрежесі | IPX0 |
| Жинақталым | Тоңазытқыш, пайдалану бойынша нұсқаулық, жұмыртқа тұрағы, мұзға арналған пішін |


ЭНЕРГИЯ ТИІМДІЛІГІ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

ЭНЕРГЕТИЧЕСКАЯ ЭФФЕКТИВНОСТЬ ХОЛОДИЛЬНОГО ПРИБОРА

ENERGY EFFICIENCY OF THE REFRIGERATION UNIT

eigen

STARK-RF04



РАСХОД ЭЛЕКТРОЭНЕРГИИ
POWER CONSUMPTION

460
кВт·ч/год*



365 л*



241 л*



37 дБА*

* 460 kWh/year / 365 L / 241 L / 37 dBA

МОНТАЖДАУ, САҚТАУ, ТАСЫМАЛДАУ (ТАСУ), ӨТКІЗУ ЖӘНЕ КӘДЕГЕ ЖАРАТУ ЕРЕЖЕЛЕРІ МЕН ШАРТТАРЫ

- Құрылғы ешқандай орнатуды немесе тұрақты бекітуді қажет етпейді.
- Құрылғыны сақтау дайындаушы мен тұтынушының жылытылатын үй-жайларында ауа температурасы 5 °С-тан 40 °С-қа дейін және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 80%-дан аспайтын орауышта жүргізілуі тиіс. Үй-жайларда жемірілуді тудыратын жегі қоспалар (қышқылдар, сілтілер буы) болмауы тиіс.
- Құрылғы мұқият өңдеуді қажет етеді, оны шаң, кір, соққы, ылғал, от және т. б. әсерінен қорғайды.
- Құрылғыны өткізу жергілікті заңнамаға сәйкес жүргізілуі тиіс.
- Егер құрылғының ақаулығы анықталса, дереу уәкілетті қызмет көрсету орталығына хабарла-сыңыз немесе құрылғыны тастаңыз.

ЖЫЛЖЫТУ ЖӘНЕ ТАСЫМАЛДАУ

Құрылғыны дұрыс тасымалдауды қамтамасыз ету үшін келесі талаптарды сақтау қажет:

- құрылғыдан барлық тағамдарды алыңыз. Содан кейін, сөрелер мен есік тұтқалары сияқты барлық сынғыш бөлшектерді таспамен алдын ала бекітіп, құрылғыны жылжытыңыз;
- тоңазытқыштың есіктерін мықтап жабыңыз және тасымалдау кезінде олар ашылмауы үшін оларды жабысқақ таспамен бекітіңіз;
- құрылғының жұмыс қабілеттілігін және сыртқы түрін сақтау үшін оның дұрыс оралғанына көз жеткізіңіз (үлкен көлемді техниканы сыни жерлерде гофрленген қатырма төсемдері бар полиэтилен немесе көпіршікті пленкаға орау керек);
- тасымалдау кезінде машинаның ішіндегі соққылар мен құлаудың алдын алу үшін тоңа-зытқышты машинаға мықтап бекіту керек;
- сыртқы ортаның әсерін толығымен жою үшін тек жабық көлікті пайдаланыңыз;
- тиеу-түсіру жұмыстарын орындау кезінде қаптаманы өте мұқият өңдеуді қамтамасыз етіңіз;
- тасымалдау және орнату кезінде құрылғы элементтерінің ешқайсысы зақымдалмағанына көз жеткізіңіз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Құрылғыны тасымалдау тік күйде жүзеге асырылуы тиіс. Егер құрылғыны тасымалдау көлденең күйде жүзеге асырылса, онда оны кейіннен қосар алдында кем дегенде алты сағат тік тұруы керек, әйтпесе бұл құрылғының бұзылуына әкелуі мүмкін.

КӘДЕГЕ ЖАРАТУ

Ескі тоңазытқыштардың қалдық құны бар. Қәдеге жаратудың экологиялық әдісі құнды шикізаттың қайта өңделуін және қайта пайдаланылуын қамтамасыз етеді. Тоңазытқыштың тоңазытқыш агенті мен оқшаулауы арнайы түрде кәдеге жаратылуы керек. Тоңазытқышты кәдеге жаратпас бұрын, салқындату жүйесінің түтіктері зақымдалмағанына көз жеткізіңіз. Ескі тоңазытқышты қайта өңдеу және жаңа тоңазытқыштан орау жолдары туралы ақпаратты жергілікті муниципалдық органдардан алуға болады.

Кәдеге жарату кезінде құлыптар мен ысырмаларды сындырып, қауіпсіздік мақсатында есіктерді алып тастаңыз.

Дұрыс кәдеге жарату



Тауардағы немесе оның қаптамасындағы бұл таңбалау бұл тауарды басқа тұрмыстық қалдықтармен бірге кәдеге жаратуға болмайтынын білдіреді. Өнімді дұрыс кәдеге жарату қоршаған ортаға және адамдардың денсаулығына ықтимал жағымсыз әсерлердің алдын алуға көмектеседі, ал материалдарды қайта өңдеу табиғи ресурстарды сақтауға көмектеседі. Ескі жабдықты экологиялық таза кәдеге жарату үшін пайдаланылған құрылғыларды жинаудың арнайы жүйесін пайдаланыңыз немесе тауар сатып алынған дүкенге хабарласыңыз.

Өнімді қайта өңдеу туралы қосымша ақпаратты жергілікті муниципалды басқармаға немесе тауар сатып алынған дүкеннен алуға болады.

ҚОСЫМША АҚПАРАТ

Өндіруші: Чанхун Мэйлин Ко., Лтд.

№ 2163, Ляньхуа тас жолы, экономикалық және технологиялық даму аймағы, Хэфэй қ., Аньхой пров., Қытай.
Қытайда жасалған.

Импорттаушы / Қазақстан Республикасында талаптар қабылдайтын заңды тұлға: «DNS QAZAQSTAN (ДНС КАЗАХСТАН)» ЖШС, Астана қ-ы, Сарыарқа ауданы, Сарыарқа д-лы, 12 ғ-т, Қазақстан Республикасы.

Электронды пошта мекен-жайы: info@dns-shop.kz

Тауар КО ТР (ЕАЭО) талаптарына сәйкес келеді.

Өнім сапасын жақсарту үшін сипаттамалар, өнім туралы ақпарат және оның сыртқы түрі пайдаланушыға алдын ала ескертусіз өзгертілуі мүмкін.

Өндіріс күні пайдаланушы нұсқаулығының орыс тіліндегі нұсқасында көрсетілген. V.2



Кепілдік талоны

SN/IMEI:

Кепілдікке қойылған күні:

Өндіруші бүкіл кепілдік мерзімі ішінде құрылғының үздіксіз жұмыс істейтініне, сондай-ақ материалдар мен құрастырымда ақаулар болмайтынына кепілдік береді. Кепілдік мерзімі бұйым сатып алынған сәттен бастап есептеледі және жаңа өнімдерге ғана қолданылады.

Кепілдікті қызмет көрсету бұйым пайдаланушы нұсқаулығына сәйкес пайдаланылған жағдайда, кепілдік мерзімі ішінде тұтынушының кінәсіз істен шыққан элементтерді тегін жөндеуді немесе ауыстыруды қамтиды. Элементтерді жөндеу немесе ауыстыру уәкілетті сервис орталықтарының аумағында жүргізіледі.

Құрылғыға кепілдік мерзімі: 60 ай.

Пайдалану мерзімі: 120 ай.

Сервистік орталықтардың өзекті тізімі келесі мекенжай бойынша:

<https://www.dns-shop.kz/service-center/>

Кепілдік міндеттемелер және тегін сервистік қызмет көрсету, егер оларды ауыстыру бұйымды бөлшектеуге байланысты болмаса, тауардың жиынтықтылығына кіретін, төменде аталған керек-жарақтарға қолданылмайды:

- ҚБП (қашықтықтан басқару пульті) үшін қуат элементтері (батареялары).
- Жалғағыш кәбілдер, антенналар және оларға арналған ауыстырғыштар, құлаққаптар, микрофондар, «HANDS-FREE» құрылғылары; жиынтықта жеткізілетін әртүрлі типтегі ақпарат тасығыштар, бағдарламалық жасақтама (БЖ) және драйверлер (бұйымның қатқыл магниттік дискілеріндегі жинақтағышқа алдын ала орнатылған БЖ қоса алғанда, бірақ онымен шектелмей), сыртқы енгізу-шығару құрылғылары және манипуляторлар.
- Қаптамалар, сөмкелер, белдіктер, тасымалдауға арналған баулар, монтаждық құрылғылар, құралдар, бұйымға қоса берілетін құжаттама.
- Табиғи тозуға ұшырайтын шығын материалдары мен бөлшектер.



Өндіруші келесі жағдайларда кепілдік міндеттемелерге ие болмайды:

- Кепілдік мерзімі аяқталды.
- Егер жеке (тұрмыстық, отбасылық) қажеттіліктерге арналған бұйым кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру үшін, сондай-ақ оның тікелей міндетіне сәйкес келмейтін басқа мақсаттарда пайдаланылған болса.
- Өндіруші бұйымды пайдалану кезінде пайдаланушы нұсқаулығының талаптарын бұзу, бұйымды орнату және оған қызмет көрсету жөніндегі ұсынымдарды, қосу ережелерін (бұйымның өзіне де, онымен байланысты бұйымдарға да сәйкес келмейтін желілік кернеудің әсері нәтижесінде туындаған қысқа тұйықталулар), бұйымды сақтау және тасымалдау кезінде өнім иесі және/немесе үшінші тұлғалар шеккен ықтимал материалдық, моральдық және өзге де зиян үшін жауапты болмайды.
- Механикалық зақымданудың барлық жағдайлары: өнімді пайдалану кезінде алынған сызаттар, жарықтар, деформациялар, соққы іздері, майысулар, кептелістер және т.б.
- Түрлендірулерді, рұқсат етілмеген жөндеулерді осындай жұмыстарды жүргізуге уәкілетті емес адамдар жүргізген жағдайлар. Егер ақаулық конструкцияны немесе бұйымның сұлбасын өзгерту, Өндіруші қарастырмаған сыртқы құрылғыларды қосу, Қазақстан Республикасының заңнамасына сай сәйкестік сертификаты жоқ құрылғыны пайдалану салдарынан туындаған болса.
- Егер бұйымның ақауы еңсерілмейтін күштің әсерінен (табиғи элементтер, өрт, су тасқыны, жер сілкінісі, тұрмыстық факторлар және Өндірушіге тәуелді емес басқа жағдайлар) немесе Өндіруші болжай алмаған үшінші тұлғалардың әрекеттерінен туындаса.
- Бұйымның толық немесе ішінара істен шығуына алып келген бұйымның ішіне бөгде заттардың, өзге денелердің, заттектердің, сұйықтықтардың, жәндіктердің немесе жануарлардың түсуінен, агрессивті ортаның әсерінен, жоғары ылғалдылықтан, жоғары температуралардан туындаған ақау.
- Бұйымды сәйкестендіру (сериялық нөмірі) жоқ немесе сәйкес келмейді. Егер зақымданулар (кемшіліктер) зиянды бағдарламалық қамтаманың; БЖ ұсынушысының осы қызметті ұсынбауына байланысты мүмкіндігінсіз бұйымның бағдарламалық ресурстарына қолжетімділіктің болмауына әкеп соққан құпиясөздерді (кодтарды) оларды жинау/қалпына келтіру мүмкіндігінсіз орнату, ауыстыру немесе жою әсерінен туындаса.
- Егер жұмыстың ақаулықтары қуат беруші, кәбілдік, телекоммуникациялық желілердің, радиосигнал қуатының стандарттарға немесе техникалық регламенттеріне сәйкес келмеуінен, оның ішінде бедер ерекшеліктерінен және басқа да осыған ұқсас сыртқы факторлардан, бұйымның желі әрекет ететін шекарада немесе аймақтан тыс жерде пайдаланылуынан туындаған болса.
- Егер зақымданулар стандартты емес (түпнұсқалық емес) және/немесе сапасыз (зақымданған) шығыс материалдарын, керек-жарақтарды, қосалқы бөлшектерді, қуат беру элементтерін, әртүрлі үлгідегі ақпарат тасымалдағыштарды (CD, DVD дискілерді, жад карталарын, SIM карталарын, картридждерді қоса алғанда) пайдаланудан туындаса.
- Егер кемшіліктер үйлесімсіз контентті (әуендерді, графиканы, бейне және басқа файлдарды, Java қосымшаларын және оларға ұқсас бағдарламаларды) алуға, орнатуға және пайдалануға байланысты туындаған болса.
- Осы бұйыммен жанасып жұмыс істейтін басқа жабдыққа келтірілген залалға.



eigen